

Инновациялық Еуразия Университетінің докторанты  
Куттығалиева Анархан Райымовнаның «8D04201 – Құқықтану» мамандығы  
бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған  
«Қазақстандағы отбасы, аналық, әкелікті және балалықты әлеуметтік қорғау:  
теориялық және практикалық мәселелері» диссертациясы туралы

## ШІКІР

Докторант А.Р. Куттығалиеваның зерттеу жұмысы бірқатар Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағдарламаларында бекітілген және бір шама жылдар бойы осы елде дамып келе жатқан «Мәңгілік Ел» бағытындағы заң ғылымының даму үдерістерімен байланысты.

Ғылыми жұмыс кіріспеден, үш тараудан, қорытынды мен қосымшалардан тұрады. Оның ішінде: бірінші тарау отбасының, аналық, әкелік және балалық шақтың әлеуметтік қамсыздандыруының құқықтық негіздерін зерттеуге арналған; екінші тарауда балалары бар отбасыларға тиесілі жәрдемақылар зерделенген, үшінші тарауда аналықтың, әкелік пен балалық шақтың әлеуметтік қамсыздандыру механизмдеріндегі әр түрлі әлеуметтік қолдаулар айқындалып қазіргі заңнамалардың ерекшеліктері мен кемшіліктері айқындалған.

Диссертациялық еңбектің қорытындысында автор мемлекеттік органдар мен әр түрлі ұйымдарға жұмыстың нәтижелері бойынша туындаған ұсыныстарын береді. Бұл ұсыныстар жеке практикада және ЭЫДҰ елдерінің заңнамасын саралай отырып және Халықаралық еңбек ұйымының әмбебап актілерін талдау негізінде пайда болған. Осы ғылыми еңбекте олардың Қазақстанның әлеуметтік қамсыздандыру туралы заңына енгізу бастамалары қалыптастырылды деуге әбден болады.

А.Р. Куттығалиева ғылыми еңбегінде қойылған мақсатқа жету негізінде келесі нәтижелерге қол жеткізген:

- бір шама халықаралық құжаттарды, құқықтық актілер мен Қазақстан Республикасындағы заңнамаларды салыстырмалы, салғастырмалы талдау жасап, олардың негізінде отбасын қолдау мен нығайтуда, ана, әке мен баланы қорғауда әлеуметтік қамсыздандырудың рөлін негіздеді;

- Қазақстан Республикасында соңғы жылдардағы әлеуметтік заңнамаға қатысты жүргізілген реформаларына талдау жасап халықаралық стандарттардың негізінде мемлекеттік органдарға жалпыға бірдей нормаларды жүзеге асыру мүмкіндіктерін ұсынды;

- ғылыми еңбекте балалары бар отбасыларға, ана, әке және балаға байланысты мемлекеттік жәрдемақылар мен басқа да әлеуметтік төлемдер жүйесіне талдау жасалып осы саладағы кемшіліктер айқындалды;

- әр түрлі әлеуметтік көмектің мүмкіндігі қарастырылып олардың әлеуеті, экономикалық, құқықтық салдары бағаланды. Сонымен бірге әлеуметтік қорғау шараларын жүзеге асыруға кедергі келтіретін жекелеген факторлар жүйеленіп, оларды жою жөнінде ұсыныстар енгізді;

- әлеуметтік кепілдіктерді құқықтық қамтамасыз ету сапасын жақсарту мүмкіндіктері мен әдістерін дәлелдеп, ұсынылған шаралардың нәтижелерін болжап берді және т.б.

Докторанттың айта кетерлік жақсы ғылыми сауаттылығы еңбегін қазақстандық, ТМД елдерінің зерттеушілерін ғана қарастырмай осы тақырыпты халықаралық деңгейде зерттеуге тырысқан. Мысалы, ғылыми еңбекте ағылшын тілінде жазылған белгілі шетелдік ғалымдардың зерттеулері өте көп кездеседі. Олардың еңбектеріне талдау жасалып, шет елдердің әлеуметтік саладағы заңнамаларының ерекшеліктері қарастырылған. Автор халықаралық ғылыми мәліметтер базасында индекстелген еңбектерге шолу жүргізіп (Р.Хольцманн, С.Доргенсен, Дж.Эспей, С. Харпер, Н. Джонс, Л. Абер, Дж. Брукс-Ганн, Дж.Д. Дункан, Дж.Класен, В.Ван Оршот, Б.Фуллер және т.б.). диссертацияның әдістемелік және теориялық көздерін айқындады.

Диссертациялық еңбек Қазақстан Республикасындағы заң ғылымындағы әлеуметтік көмек пен қорғаудың ұлттық модельдерінің соңғы құқықтық негіздерінің мәні мен мазмұнын зерттеудегі алғашқы талпыныс болады. Автор мұнда құқықтық қолдау сапасын жақсарту мүмкіндіктерін ұсынып, әдістерін дәлелдейді, сондай-ақ ұсынылған шаралардың нәтижелерін болжайды.

Қорытындылай келе, Куттығалиева Анархан Райымовнаның «8D04201 – Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін орындалған «Қазақстандағы отбасы, аналық, әкелікті және балалықты әлеуметтік қорғау: теориялық және практикалық мәселелері» тақырыбындағы диссертациясы аяқталған жұмыс деп есептеймін. Диссертацияны қорғауға жіберуге рұқсат беремін.

**Ғылыми кеңесші:**

**заң ғылымдарының докторы,**

**Ташкент мемлекеттік заң**

**университетінің профессоры**



**О.З. Мухамеджанов**

«8» маусым 2020 жыл